

М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ

**ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС БАСҚАРМАСЫНЫҢ
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА АТҚАРҒАН
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ЖӘНЕ
ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША
Ж Ы Л Д Ы Қ Е С Е Б І**

Тараз, 2026ж.

Әлеуметтік жұмыс басқармасының 2025-2026 оқу жылында атқарылған қоғамдық саяси, әлеуметтік-мәдени және спорттық іс-шаралар туралы АҚПАРАТ

2025–2026 оқу жылында Әлеуметтік жұмыс басқармасы университеттің тәрбие саясатын жүзеге асыру, студент жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеу және әлеуметтік қолдау көрсету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізді. Басқарма қызметі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарына және университеттің стратегиялық даму жоспарына сәйкес ұйымдастырылды.

Оқу жылы барысында қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени және тәрбиелік іс-шаралар өткізіліп, студенттердің белсенділігін арттыруға, академиялық адалдықты насихаттауға, волонтерлік қозғалысты дамытуға, құқық бұзушылықтың алдын алуға және әлеуметтік осал топтағы білім алушыларды қолдауға ерекше назар аударылды. Сонымен қатар, жастар ұйымдары мен қоғамдық құрылымдармен бірлескен жобалар жүзеге асырылып, студенттердің шығармашылық, зияткерлік және әлеуметтік бастамаларын қолдау жұмыстары жүргізілді.

Университеттің әлеуметтік-мәдени даму саясаты студенттердің тұлғалық дамуын, ұлттық сана-сезімін, қоғамдық белсенділігін қалыптастыруға, сондай-ақ әлеуметтік жауапкершілік, толеранттылық, құқықтық сауаттылық, цифрлық қауіпсіздік және салауатты өмір салты құндылықтарын нығайтуға бағытталды.

2025–2026 оқу жылындағы негізгі міндет – студенттердің жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастырып, олардың жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуіне қолдау көрсету болды.

Жаңа белестер, жаңа мүмкіндіктер



Осы бағытта ерекше назар аударылды: студент жастардың әл-ауқатын арттыру және психоэмоционалдық жағдайын қолдау мақсатында менталды денсаулықты қолдау орталығын ашу бастамасы іске асырылып, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмыстары күшейтілді. Инклюзивтік білім беру ортасын дамытуға айрықша назар аударылып, мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін оқу ғимараттарын бейімдеу, қолжетімді

инфрақұрылымды кеңейту және арнайы мамандар санын арттыру бағытында нақты жұмыстар жүргізілді.

Сонымен қатар медиа кеңістікті дамыту және студенттердің цифрлық мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Dulaty Media Lab» жобасын іске асыру басталып, әлеуметтік желілерге арналған контент, ақпараттық және тәрбиелік бағыттағы бейнероликтер дайындау жұмыстары кеңейтілді. Бұл бастама студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуға және университеттің ақпараттық ашықтығын арттыруға мүмкіндік берді.

Халықаралық және өңірлік серіктестікті нығайту мақсатында аймақтық жоғары оқу орындарымен бірлескен тәрбие және жастар саясаты жобалары ұйымдастырылып, тәжірибе алмасу алаңдары құрылды. Бұл өз кезегінде студенттердің әлеуметтік тәжірибесін кеңейтуге және кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал етті.

Волонтерлік қозғалысты дамыту, әлеуметтік бастамаларды қолдау және креативті идеяларды ынталандыру бағытында түрлі әлеуметтік жобалар байқаулары, акциялар мен қайырымдылық іс-шаралар өткізілді. Студенттердің әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған бұл жұмыстар олардың қоғамға деген жауапкершілігін күшейтті.

Сонымен қатар университет қызметін цифрландыру және автоматтандыру бағытында бірқатар шаралар жүзеге асырылып, деректерді басқару, ақпараттық жүйелерді жетілдіру және тәрбие процесін цифрлық форматқа көшіру жұмыстары қолға алынды.

Жалпы алғанда, 2025–2026 оқу жылы ішінде атқарылған жұмыстар нәтижесінде студенттердің азаматтық ұстанымы, әлеуметтік белсенділігі, мәдени деңгейі мен шығармашылық әлеуеті айтарлықтай артты. Университеттің жастар саясаты жаңа серпін алып, бірқатар инновациялық жобалар жүзеге асырылды.

Алдағы уақытта да Әлеуметтік жұмыс басқармасы аталған бағыттарды одан әрі дамыту, жаңа әлеуметтік және тәрбиелік жобаларды іске асыру, студенттердің жан-жақты дамуына жағдай жасау және университеттің тәрбие жүйесін жетілдіру жұмыстарын жалғастыратын болады.



Жастармен жұмыс бөлімі басқарманың негізгі құрылымдық бөлімшелерінің бірі болып табылады. Бөлімнің басты міндеті - университет жастары арасында мемлекеттік жастар саясатын іске асыру, студенттік өзін-өзі басқару жүйесін қолдау, студенттік ұйымдар мен клубтардың жұмысын үйлестіру. Бұл бөлім түрлі әлеуметтік, мәдени, спорттық және тәрбиелік жобаларды ұйымдастыру арқылы студенттердің белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, көшбасшылық қабілеттерін дамытуға және қоғамдық өмірге бейімделуіне жағдай жасайды. Сонымен қатар, жастардың бастамалары мен инновациялық идеяларын қолдау да бөлім жұмысының басым бағыттарының бірі.

Университет жастарын жан-жақты тұлға ретінде қалыптастыруға ерекше үлес қосатын тағы бір бөлімше - **Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығы**. Бұл орталықта өнер, музыка, театр, би және басқа да шығармашылық үйірмелер мен клубтар жұмыс істейді. Мұндағы басты мақсат - студенттердің шығармашылық қабілеттерін ашу, таланттарын дамыту және олардың мәдени өмірге белсенді қатысуына жол ашу.

Студенттердің тұрмыстық жағдайын жақсартуға арналған маңызды құрылым - **Студенттер үйі**. Мұнда жастарға жайлы әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасалып қана қоймай, тәрбие жұмыстары да жүйелі түрде жүргізіледі. Жатақханалардағы мәдени-бұқаралық іс-шаралар, спорттық жарыстар мен кездесулер студенттердің бос уақытын тиімді өткізуіне, бір-бірімен достық қарым-қатынаста болуына және әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді.

Студенттердің спорттық белсенділігін дамыту мақсатында **«Сұңқар» спорт клубы** жұмыс істейді (клубтың штаттық бірлігі жойылғандықтан, арнайы қызметкері жоқ, алайда оның жұмысын әлеуметтік жұмыс басқармасы ерікті негізде ұйымдастырып келеді). Клубтың негізгі қызметі - спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру, салауатты өмір салтын насихаттау және университет атынан түрлі жарыстарға қатысуды қамтамасыз ету. «Сұңқар» спорт клубы жастардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, олардың физикалық дайындығын жетілдіруге үлес қосады.

Әлеуметтік-мәдени даму бағытындағы тағы бір құрылым - университеттің **Музейі**. Музей университет тарихын насихаттайтын, студенттерге рухани тәрбие беретін және мәдени шаралар ұйымдастыратын маңызды орталық болып табылады. Мұнда жастардың тарихи санасын қалыптастыруға, университеттің дәстүрлерін дәріптеуге бағытталған жұмыстар атқарылады.

ҚҰРЫЛЫМ



2025–2026 оқу жылында Әлеуметтік жұмыс басқармасы студент жастармен қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени, құқықтық және салауатты өмір салтын насихаттау бағытында ауқымды жұмыстар атқарды. Басқарма қызметі ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы заңына, университеттің ішкі тәрбие тұжырымдамасына және стратегиялық құжаттарға негізделіп отырып ұйымдастырылды. Бір оқу жыл көлемінде барлығы **409** іс-шара өткізіліп, іс-шараларға **19289** студент қамтылды. Аталған іс-шаралар студенттердің әлеуметтік белсенділігін арттыруға, шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға, құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, менталды денсаулығын қолдауға, сондай-ақ олардың университеттің қоғамдық және мәдени өміріне кеңінен тартылуына бағытталды.

Негізгі бағыттар бойынша:

1. Жастар саясаты бағыты, студенттік өзін-өзі басқару құрылымдары – **130**
2. Азаматтық-патриоттық тәрбие бағыты – **27**
3. Рухани-адамгершілік, әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық тәрбие бағыттары – **48**
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықтық тәрбие бағыты – **59**
5. Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты – **25**
6. Шығармашылықты дамыту бағыты – **18**
7. Нашқорлықтың жастар арасында таралуына жол бермеу - **17**
8. Студенттердің менталды денсаулығы бойынша – **85**

Жастар саясатын және студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту

Жастар саясатын және студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту – тәрбиелік және идеологиялық жұмыстың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Ол білім алушылардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға және университеттің ішкі өмірін басқаруға студенттердің қатысуын кеңейтуге бағытталған. Студенттік өзін-өзі басқару «Адал азамат» қағидаттарына негізделген құндылықтарды қалыптастырып, жастар бастамаларын жүзеге асыруға және болашақ көшбасшыларды тәрбиелеуге тиімді алаң ретінде қызмет етеді.

Университетте студенттік өзін-өзі басқарудың тиімді жүйесі қалыптасқан. Оның құрамына «DU UNION» студенттік парламенті, 6 студенттік деканат, 2 жатақхана студенттік кеңесі және 12 студенттік ұйым кіреді: «Жастар Рухы», «Қазақстан студенттер альянсы», «BizBirgemiz», «Еркін ойлар алаңы», «10TED.KZ», «UIYA», «Фемида», «Мәңгілік ел», «JAIDARMAN DULATY», «DU UNIVERSE», «DULATY TALKS» және «DIALOG». Бұл ұйымдардың қызметі жастар саясаты, волонтерлік қозғалыс, көшбасшылықты дамыту, дебаттық қозғалыс, құқықтық ағарту, экологиялық тәрбие, медиа, шығармашылық және мәдениетаралық келісімді нығайту бағыттарын қамтиды.

Жыл сайын демократиялық негізде Студенттік парламентке сайлау өткізіледі, бұл жастардың көшбасшылық қабілеттерін, жауапкершілігін және қоғамдық өмірге қатысу мәдениетін дамытуға ықпал етеді. Студенттік қоғам өкілдері Ғылыми кеңес, Академиялық кеңес, факультет кеңестері, әлеуметтік жеңілдіктер мен жеңілдіктер беру комиссиялары және басқа да алқалы басқару органдарының құрамына енгізілген, бұл оларға білім беру, әлеуметтік және жастар саясаты мәселелерін талқылауға тікелей қатысуға мүмкіндік береді.

Студенттік өзін-өзі басқару органдарының тікелей қатысуымен оқу жылы барысында шамамен **130 іс-шара** ұйымдастырылды. Олардың қатарында волонтерлік акциялар, білім беру форумдары, тренингтер, шеберлік сабақтары, дебаттық турнирлер, патриоттық, мәдени-көпшілік, спорттық және әлеуметтік жобалар бар. Жүзеге асырылып жатқан бастамалар студенттердің көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға, командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыруға, жобалық басқару мен әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді.

Жастар саясатының маңызды құрамдас бөлігі студенттердің зияткерлік, көшбасшылық және шығармашылық әлеуетін дамыту болып табылады. Бұл бағыттағы ең тиімді алаңдардың бірі – «Еркін ойлар алаңы» дебат клубы, оның қызметі белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға, сыни ойлау қабілетін дамытуға, көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін және конструктивті диалог дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Оқу жылы барысында клуб тарапынан үш облыстық дебат турнирі, екі студенттік лига, бір мектеп лигасы, екі факультетшілік турнир, сондай-ақ Қазақстан Республикасының алты өңірінен 40-тан астам команда қатысқан өңірлік дебат турнирі ұйымдастырылды. Білікті судьялар корпусын даярлау мақсатында алты оқыту бағдарламасы өткізіліп, оның

нәтижесінде 50 студент дайындықтан өтті. Сонымен қатар 8 зияткерлік ойын және екі TEDx форматындағы іс-шара ұйымдастырылып, университет өкілдері облыстық дебат турнирлерінде алты жүлделі орынға ие болды.

Студенттердің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру және азаматтық белсенділігін арттыру мақсатында жеті шақырылған спикердің қатысуымен кешенді білім беру іс-шаралары өткізілді. Барлық факультеттерде тиімді коммуникация, көшбасшылық психологиясы, тайм-менеджмент, креативті ойлау, конфликттерді басқару және келіссөз жүргізу тақырыптарына арналған кездесулер, дөңгелек үстелдер және көшбасшылық тренингтер ұйымдастырылды. Іс-шаралардың тәжірибелік-бағдарланған форматы студенттерге кәсіби және қоғамдық қызметте қажет заманауи басқарушылық және коммуникативтік құзыреттерді меңгеруге, сондай-ақ командалық жұмыс, шешім қабылдау және қоғамдық бастамаларды жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Жастар саясатында «Жайдарман» қозғалысының орны ерекше. Университетте жыл сайын 10-ға жуық студенттік команда белсенді жұмыс істеп, 8-ден астам ірі ойын өткізеді. Ағымдағы оқу жылында бұл қозғалысқа 150-ден астам студент қатысып, көрермендер саны 5 мыңнан асты. Университет командалары өңірлік, облыстық және қалалық деңгейдегі жарыстарда белсенді түрде қатысып, жыл сайын жүлделі орындарға ие болып, студенттердің шығармашылық даярлығының жоғары деңгейін дәлелдеп келеді.

Жыл сайын көптеген студенттер жастар ұйымдарының, клубтар мен қызығушылық бойынша бірлестіктердің қызметіне тартылып, қоғамдық бастамаларға, волонтерлік, мәдени, спорттық және әлеуметтік жобаларды іске асыруға белсенді қатысады. Қалыптасқан студенттік өзін-өзі басқару жүйесі жастардың университеттің қоғамдық өміріне кеңінен қатысуын қамтамасыз етіп, патриотизм, жауапкершілік, өзара құрмет және қоғамға қызмет ету құндылықтарын ұстанатын белсенді, бастамашыл және бәсекеге қабілетті азаматтарды тәрбиелеуге ықпал етеді.

Студенттердің волонтерлік қозғалысын және азаматтық белсенділігін дамыту

Жастар саясатының маңызды бағыттарының бірі – студенттердің волонтерлік қозғалысын дамыту болып табылады. Бұл бағыт әлеуметтік жауапкершілік, мейірімділік, азаматтық белсенділік және өзара көмек мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ студенттердің белсенді өмірлік ұстанымын тәрбиелеуге және жастарды қоғамдық маңызы бар мәселелерді шешуге тартуға бағытталған.

Жастар істері жөніндегі комитет жанында «Ұя» және «BizBirgemiz» атты екі волонтерлік ұйым табысты жұмыс істейді. Оларға 100-ден астам студент-волонтер біріктірілген. Қызмет «Biz Birgemiz» республикалық волонтерлік қозғалысы тұжырымдамасына сәйкес ұйымдастырылып, жеті негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады: тәлімгерлік (Sabaqtastyq), әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету (Qamqor), ағартушылық қызмет (Bilim), экологиялық волонтерлік (Taza Alem), балаларға көмек көрсету (Ayala), салауатты өмір салтын насихаттау (Sauluq) және тарихи-мәдени мұраны сақтау (Asyl Mura).

Оқу жылы барысында студент-волонтерлер әлеуметтік, қайырымдылық, экологиялық және ағартушылық жобаларды іске асыруға белсенді қатысып, балаларға, қарт адамдарға, ерекше қажеттілігі бар азаматтарға және басқа да әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсетті. Сонымен қатар, іс-шаралық волонтерлік бағыты ерекше дамытылды, оның аясында білім алушылар университеттік, қалалық және облыстық деңгейдегі іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысып, қоғамдық, мәдени, білім беру және спорттық бастамаларға қолдау көрсетті.

Волонтерлік жобаларды жүзеге асыру студенттердің әлеуметтік жауапкершілік сезімін, өзара көмек мәдениетін, қоғамға құрметпен қарауын және адамдарға қызмет етуге дайын болуын қалыптастырып, белсенді азаматтық ұстанымды нығайтуға, сондай-ақ жастар арасында еріктілік пен қоғамдық қатысу дәстүрлерін дамытуға ықпал етеді.



Рухани-адамгершілік, әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық тәрбие бағыттары бойынша Рухани-адамгершілік, әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық тәрбие бағыттары бойынша студент жастардың бойына рухани-адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру — тәрбие жұмысының маңызды бағытының бірі. Бұл бағыт аясында әр адамның жеке тұлғалық қабілетін дамыту, мінез-құлқын жетілдіру, қоғамға, Отанға, еңбекке деген жауапкершілікті қалыптастыру мақсат етіледі.

Университетіміздің басты рухани-танымдық орындарының бірі — «Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы музейі». Бұл музейге студенттердің қызығушылығын арттыру, тарихи тұлғаның өмір жолы мен еңбектерін таныстыру мақсатында оқу жылы барысында бірнеше экскурсия ұйымдастырылды. Факультеттің 1–4 курс студенттерінен жалпы **4839** студент, **1787** оқушылар, мұғалімдері мен ата-аналары, **152** арнайы қонақтар музейге келіп, экскурсияға қатысты. Студенттерге Мұхаммед Хайдар Дулати бабамыздың ғылыми мұрасы, әдеби шығармалары мен ел тарихындағы орны туралы мағлұматтар берілді.

Музейге бару барысында - студенттер тарихи жәдігерлермен танысты, Ұлы ойшылдың еңбектерінің көшірмелерін тамашалады, ұлттық рухты көтеретін тәрбие сағаттары өткізілді. Бұл шаралар жастардың тарихи танымын арттырып, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етті.

Әлеуметтік жұмыс басқармасының ұйымдастыруымен университеттің барлық факультеттерінде 1 курс студенттеріне рухани-адамгершілік, әлеуметтік-қоғамдық және эстетикалық тәрбие бағыттары бойынша ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары өткізілді. Іс-шаралардың басты мақсаты – студенттердің жаңа оқу ортасына бейімделуіне жәрдемдесу, өзін-өзі дамытуға ынталандыру, эмоционалдық тұрақтылықты нығайту, стрессті жеңу әдістерін меңгерту, сондай-ақ тиімді қарым-қатынас орнату дағдыларын қалыптастыру болды. Сонымен бірге қазіргі қоғамдағы тұрақсыздық жағдайында кең таралған келеңсіз құбылыстардың, атап айтқанда: радикалды діни ағымдар, буллинг, харассмент, лудомания, нашақорлық, суицид сияқты тәуекелдердің алдын алу мәселелері қарастырылып, студенттерге профилактикалық ақпарат ұсынылды.

Іс-шараға қатысқан спикерлер: Басқарма мүшесі, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор – А. Тұрлыбек, Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы – Б. Алпысбаев, Әлеуметтік жұмыс басқармасының психолог мамандары – С. Момынова, З. Дауренова қатысты.

Білім алушыларды психологиялық сүйемелдеу және психологиялық қолдау жүйесі

Білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету – тәрбие және идеологиялық жұмыстың басым бағыттарының бірі болып табылады және қауіпсіз, жайлы әрі қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған. 2025–2026 оқу жылында студенттерді психологиялық сүйемелдеудің профилактикалық, кеңес беру, диагностикалық және ағартушылық қызметтерді біріктіретін кешенді жүйесі қалыптастырылды.

Оқу жылының басында үш бейінді маман — психотерапевт, гештальт-психотерапевт және психолог жұмысқа кірісіп, студенттердің менталдық денсаулығын нығайту, буллингтің, харассменттің, лудоманияның, суицидтік мінез-құлықтың және өзге де әлеуметтік тәуекелдердің алдын алуға бағытталған кешенді іс-шаралар жоспарын әзірлеп, іске асыруда. Жұмыс Жастар ресурстық орталығымен, бейінді ұйымдармен, сондай-ақ әлеуметтік психология және арнайы педагогика кафедраларының мамандарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырылып, білім алушыларды психологиялық сүйемелдеуге кешенді тәсілді қамтамасыз етеді.

Психологиялық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін «Рухани – менталдық даму: Ішкі үйлесімге бастар жол» атты мамандандырылған кабинет ашылды, онда студенттер тегін және құпия түрде білікті психологиялық көмек ала алады. Жұмыста психологиялық сүйемелдеудің заманауи ғылыми негізделген әдістері, соның ішінде гештальт-терапия, психокатализ, психоанализ және арт-терапия қолданылады. Шұғыл көмек алу үшін сенім телефонының жұмысы, сондай-ақ анонимді өтініштерге арналған арнайы Telegram-арна ұйымдастырылған. Барлық оқу корпустарында психологтардың байланыс деректері, қабылдау кестесі және қолжетімді психологиялық қолдау шаралары туралы ақпарат берілген ақпараттық стендтер мен афишалар орналастырылған.

Ерекше назар тәуекел факторларын ерте анықтауға және студенттердің психоэмоционалдық жағдайын мониторингілеуге аударылады. Оқу жылы барысында білім алушылардың эмоционалдық әл-ауқатын, ойынға тәуелділік деңгейін, сондай-ақ білім беру ортасының қауіпсіздігін психологиялық қабылдауын және харассменттің таралуын бағалау бойынша зерттеулер жүргізілді. Алынған нәтижелер профилактикалық жұмысты жоспарлау, психологиялық сүйемелдеу бағдарламаларын жетілдіру және студенттерге жеке бағытталған психологиялық көмек көрсету үшін пайдаланылады.

Жүйелі жұмыс студенттік жатақханаларда да жүргізіледі. Психологтар мен әлеуметтік

жұмыс мамандарының апта сайынғы кезекшілігі, студенттерді ай сайынғы көшпелі қабылдау, тақырыптық кездесулер, дөңгелек үстелдер, тренингтер және жеке кеңес беру жұмыстары ұйымдастырылған. Ерекше назар буллинг пен кибербуллингінің, лудоманияның, суицидтік мінез-құлықтың, интернет және ойынға тәуелділіктің алдын алуға, өмірлік құндылықтарды қалыптастыруға, эмоционалдық тұрақтылықты арттыруға және тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталған.

Бекітілген жоспарға сәйкес оқу жылы ішінде харассменттің алдын алу және жеке шекараларды құрметтеу мәдениетін қалыптастыру бойынша 18 іс-шара, суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша 31 іс-шара, буллинг пен кибербуллингінің алдын алу бойынша 14 іс-шара, ойынға тәуелділіктің алдын алу бойынша 9 іс-шара, сталкинг және зорлық-зомбылықтың әртүрлі түрлерінің алдын алу бойынша 7 іс-шара, 45 психологиялық тренинг, сондай-ақ психоактивті заттарды қолданудың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған кешенді профилактикалық іс-шаралар өткізілді.

Іске асырылған іс-шаралар кешені білім алушыларға психологиялық қолдау көрсетудің тиімді жүйесін қалыптастыруға, білікті психологиялық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етуге, студенттердің психологиялық сауаттылық деңгейін арттыруға, тәуекел факторларын уақтылы анықтауға және әрбір білім алушының әл-ауқатына қамқорлық жасау, өзара қолдау, сенім және құрмет қағидаттарына негізделген қауіпсіз білім беру ортасын нығайтуға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы мемлекеттік жастардың психикалық денсаулығын қорғау саласындағы саясат талаптарына сәйкес ағымдағы оқу жылында Студенттердің менталдық денсаулық орталығын құру жұмысы басталды. Аталған бастама аясында бейінді мамандар құрамын кеңейту, психологиялық көмектің заманауи түрлерін дамыту, профилактикалық, кеңес беру және психокоррекциялық жұмыстың жүйесін жетілдіру көзделеді. Орталықтың құрылуы білім алушыларды психологиялық сүйемелдеу жүйесін сапалық жаңа деңгейге көтеруге, студенттерге кешенді қолдау көрсетуге және қауіпсіз, қолайлы әрі қолдаушы білім беру ортасын одан әрі нығайтуға мүмкіндік береді.

Діни сауаттылықты қалыптастыру және деструктивті діни ағымдардың таралуының алдын алу

Идеологиялық жұмыстың басым бағыттарының бірі – білім алушылардың діни сауаттылығын қалыптастыру, конфессияаралық келісімді нығайту және жастар арасында діни экстремизм мен радикализм идеологиясының таралуының алдын алу болып табылады. Бұл жұмыс зайырлы мемлекет қағидаттарына, ар-ождан бостандығын құрметтеуге, этносаралық және конфессияаралық келісімге, сондай-ақ студенттердің дінтанулық мәдениет деңгейін арттыруға негізделеді.

Оқу жылы барысында барлық факультеттердің бірінші курс студенттері арасында жүйелі ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Деструктивті діни идеяларға сыни көзқарас қалыптастыру, жастардың радикалды ағымдарға тартылуының алдын алу, конфессияаралық келісімді сақтау және құқықтық мәдениетті дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Тұрақты негізде студенттердің діни көзқарастарына социологиялық мониторинг жүргізіліп, дін, психология және құқық мәселелері бойынша жеке және топтық консультациялар берілді, сондай-ақ радикалды идеология ықпалына түскен білім алушыларды бейімдеу және оңалту бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды.

Жұмыс Жамбыл облысы әкімдігінің Дін істері басқармасымен, Жамбыл облысы Полиция департаментінің Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасымен, Дін мәселелерін зерттеу орталығымен, Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімімен, Психологиялық қолдау орталығымен және «Қоғамдық келісім» КММ-мен тығыз өзара іс-қимылда жүзеге асырылуда. Мұндай ведомствоаралық ынтымақтастық діни экстремизмнің алдын алуға және студент жастар арасында қоғамдық келісімді нығайтуға кешенді тәсілді қамтамасыз етеді.

2025–2026 оқу жылында діни сауаттылықты қалыптастыру мәселелері бойынша 34 іс-шара өткізілді, оның ішінде 29-сі факультеттерде, 4-і студенттік жатақханаларда және 1-і университет колледжінде ұйымдастырылып, жалпы 3 000-нан астам студент қамтылды. Сонымен қатар, медиа кеңістікте белсенді ақпараттық-ағартушылық жұмыс жүргізілді: республикалық және өңірлік деңгейде материалдар жарияланып, дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтарды ілгерілетуге, қоғамдық келісімді нығайтуға және жастардың діни сауаттылығын арттыруға бағытталған телевизиялық сұхбаттар мен сараптамалық пікірлер ұйымдастырылды.

Жүргізілген жұмыс студенттердің деструктивті идеологияларға тұрақты иммунитетін қалыптастыруға, конфессияаралық келісім қағидаттарын нығайтуға, азаматтық жауапкершілікті арттыруға және рухани құндылықтарға құрметпен қарауға ықпал етеді, бұл идеологиялық және тәрбиелік саясатты жүзеге асырудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қорытындылай келе, атқарылған жұмыстар студент жастардың діни сауаттылығын арттыруға, толеранттылық пен қоғамдық келісімді нығайтуға, сондай-ақ ұлттық құндылықтар мен рухани тұрақтылықты қалыптастыруға оң әсерін тигізді. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажеттілігі атап өтіледі.

БАҚ және интернет ресурстарында жарияланған материалдар туралы ақпарат

Оқу жылы барысында студент жастардың діни сауаттылығын арттыру, рухани-танымдық көзқарасын кеңейту және радикалды діни идеологиялардың алдын алу мақсатында Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаевтың қатысуымен бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет платформаларында бірқатар мақалалар мен сұхбаттар жарияланды.

Жалпы саны – 6 материал.

Жарияланған негізгі материалдар:

- Республикалық «ABAI.KZ» ақпараттық порталында:
«Қазақтың мұсылмандық дүниетанымындағы ихсан ілімі» (19.09.2025 ж.)
- Республикалық «ABAI.KZ» ақпараттық порталында:
«Ясауи ілімі» (02.12.2025 ж.)
- «TARAZ 24» телеарнасының YouTube арнасында:
«Іштен шыққан сенімнің соңы неге апарады» тақырыбындағы сұхбат (05.12.2025 ж.)
- «Jambyl» телеарнасында:
«Қазақ отбасындағы әкенің орны» тақырыбындағы сұхбат (11.12.2026 ж.)
- Республикалық «ABAI.KZ» порталында:
«Интернет кеңістігіндегі діни экстремизм» (17.02.2026 ж.)
- Облыстық «Ақ жол» газетінде:
«Көшпелі көрме аясындағы сүбелі сұхбат» (20.04.2026 ж.)

Жарияланған материалдар студент жастардың діни танымын кеңейтуге, қоғамда зайырлы құндылықтарды насихаттауға және діни экстремизм мен радикализмнің алдын алуға бағытталған ақпараттық-ағартушылық қызметтің маңызды бөлігі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықтық тәрбие бағыты бойынша

Тәрбие және идеологиялық жұмыс Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатына, Мемлекет басшысының тапсырмаларына, «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасына, Абайдың «Толық адам» философиясына, сондай-ақ «Заң мен тәртіп» және «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамаларына сәйкес жүзеге асырылуда. Тәрбие жұмысының бүкіл жүйесі білім алушылардың Конституцияға, ел заңдарына, академиялық адалдыққа, патриотизмге, еңбек мәдениетіне, әлеуметтік жауапкершілікке және белсенді

азаматтық ұстанымға құрметін қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда тәрбие саясаты құқықтық ағартуды, жастар саясатын, студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту, психологиялық қолдау, әлеуметтік тәуекелдердің алдын алу, волонтерлік қозғалыс, шығармашылық және спорттық дамуды, сондай-ақ қауіпсіз білім беру ортасын нығайтуға бағытталған іс-шараларды біріктіретін кешенді жүйе болып табылады. Бұл ретте әрбір бағыт студент тұлғасын жалпыұлттық құндылықтар мен Қазақстан Республикасының стратегиялық даму басымдықтарына сәйкес қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады.

2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының Конституциялық реформасын ілгерілету және Конституцияны кеңінен насихаттау жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде студенттер арасында конституциялық мәдениетті, құқықтық сананы, елдің Негізгі Заңына құрметті және заң үстемдігі қағидатын қалыптастыруға бағытталған жүйелі ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Есептік кезеңде Қазақстан Республикасы Конституциясына енгізілген өзгерістерді түсіндіру мақсатында 7 ірі ақпараттық-ағартушылық іс-шара ұйымдастырылды. Оның ішінде «Жаңа Конституцияның негізгі басымдықтары мен қоғамдық маңызы» тақырыбындағы семинар, студент жастармен «Жаңа Конституция – бірлігіміздің тірегі» және «Жаңа Конституция – жаңа ұрпақ!» кездесулері, интеллектуалдық-ағартушылық онкүндік аясындағы дәрістер, сондай-ақ «Конституцияның жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырудағы маңызы» және «Конституциялық мәдениет – өркениетті қоғамның белгісі» атты іс-шаралар өткізілді. Сонымен қатар, 10 кездесу, дәріс және пікірталас алаңы ұйымдастырылып, «Саналы қоғам – мықты мемлекет» тақырыбында патриоттық кеш өткізілді. Конституциялық реформаларды түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу үшін профессор-оқытушылар мен сарапшылардан спикерлер пулы қалыптастырылды. Өткізілген іс-шараларға 5000-нан астам студент, оқытушы және қызметкер қатысып, олардың конституциялық-құқықтық мәдениеті мен құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Аталған қызмет шеңберінде студент жастарды кең қамтитын ауқымды дәрістер өткізілді, бұл құқықтық ағартушылық аудиториясын едәуір кеңейтіп, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының тиімділігін арттыруға ықпал етті. 2026 жылдың маусым айының 16-23 аралығында «Dulaty жастары – Жаңа Конституция елшілері» атты ауқымды республикалық жоба жүзеге асырылды. Аталған жоба аясында студенттік команда Тараз – Қарағанды – Астана – Көкшетау – Петропавл бағыты бойынша білім беру-танымдық сапар жасады. Делегация құрамына 33 студент енді. Олар «Бір ел, Бір мақсат, Бір Конституция, Бір Қазақстан!» ортақ ұранымен жастармен кездесулер өткізіп, Конституцияны насихаттауға және азаматтық бірегейлікті нығайтуға бағытталған презентациялар мен ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын ұйымдастырды.

Сапар барысында студенттік делегация Қазақстан Республикасының 10-нан астам жоғары оқу орнын аралап, студент жастармен кездесулер, ашық диалогтар және презентациялық форматтағы іс-шаралар өткізді. Сонымен қатар қатысушылар «Карлаг» мемориалдық кешені мен «АЛЖИР» мұражайына барып, тарихи-құқықтық мазмұнды тереңдетуге және азаматтық-патриоттық тәрбиені күшейтуге мүмкіндік алды.

«Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру туралы

Мемлекет басшысының «Заң мен тәртіп» жалпыұлттық бастамасын іске асыру тәрбие және идеологиялық жұмыстың басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл бастама жастар арасында жоғары құқықтық мәдениетті, азаматтық жауапкершілікті, заңға құрмет пен әділеттілік қағидаттарын қалыптастыруға бағытталған. Аталған қағидат тек қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету құралы ғана емес, сонымен қатар қоғам дамуына жауапкершілікпен қатыса алатын, заңды сақтайтын және белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеудің маңызды тетігі ретінде қарастырылады.

Есептік кезеңде «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында білім алушылардың құқықтық мәдениетін дамыту және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 59 құқықтық және профилактикалық іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараларға 5000-нан астам студент қамтылып, оларды өткізуге прокуратура, полиция, сот, мемлекеттік органдар, банк секторы және өзге де мекемелерді қоса алғанда 7 серіктес ұйым тартылды. Дәрістер, семинарлар, форумдар, тренингтер, дебаттар, құқықтық сағаттар және дөңгелек үстелдер сияқты 10-нан астам іс-шара форматтары қолданылды.

«Заң мен тәртіп» қағидатын іске асырудың маңызды құрамдас бөлігі студенттердің өздерінің белсенді қатысуы болып табылады. Студенттік өзін-өзі басқару органдарының, дебат клубтарының, жастар ұйымдарының және интеллектуалдық алаңдардың қызметі арқылы заң үстемдігі, академиялық адалдық, азаматтық жауапкершілік және жастардың құқықтық мемлекетті нығайтудағы рөлі мәселелері талқыланды. Мұндай формат тек құқықтық білімді кеңейтумен шектелмей, ашық диалог мәдениетін қалыптастыруға, сыни ойлау қабілетін дамытуға және қабылданатын шешімдер үшін жеке жауапкершілікті арттыру Есептік кезеңдегі маңызды жобалардың бірі – Жамбыл облысы прокуратурасымен бірлесіп жүзеге асырылған «Болашақ прокурор кеңістігі» атты білім беру бастамасы болды. Аталған жоба студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыруға, прокуратура органдарының қызметімен таныстыруға және заңдылық пен әділеттілік қағидаттарына құрметті нығайтуға бағытталды. Жоба студенттер мен тәжірибелі заңгерлер, құқық қорғау органдары өкілдері арасындағы тиімді өзара іс-қимыл алаңын қалыптастырып, жастардың кәсіби бағдарлануына және мемлекеттік институттарға деген сенімді нығайтуға ықпал етті.

Студенттік жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру туралы

Есептік кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және академиялық адалдық қағидаттарын нығайту мақсатында 10-нан астам ауқымды іс-шара ұйымдастырылды. Оған 1000-нан астам студент қатысып, «Таза сессия» студенттік акциясы өткізілді. Сонымен қатар, TEDx форматындағы конференция мен PechaKucha диалог алаңы ұйымдастырылып, жастар арасында ашық пікір алмасу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды дәріптеу жұмыстары жүргізілді. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында академиялық адалдық, «Таза сессия» және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тақырыптарында бейнероликтер сериясы әзірленіп, әлеуметтік желілерде жарияланды. Жарияланған материалдар 20 мыңнан астам қаралым жинап, білім алушылар арасында адалдық, ашықтық және заңға құрмет қағидаттарын насихаттауға ықпал етті.

Студенттік жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жүйелі түрде жүзеге асырылып, профилактикалық жұмыстың басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментімен бірлесіп, адалдық, әділеттілік және парасаттылық қағидаттарын ілгерілетуге бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізілді. Оқу жылы барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы интеллектуалдық ойындар мен квиздер, тақырыптық кездесулер мен диалог алаңдары ұйымдастырылып, академиялық адалдық және жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға арналған әлеуметтік бейнероликтер сериясы әзірленді.

Жастар арасында нашақорлықтың алдын алу және есірткі қылмыстарына қарсы профилактикалық іс-шаралар

Жастар арасында нашақорлықтың алдын алу және есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл тәрбие жұмысының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл жұмыс жастар денсаулығын сақтау, студенттердің есірткі құралдарының заңсыз айналымына тартылуының алдын алу және кез келген түрдегі есірткі қылмысына төзбеушілік көзқарасын қалыптастыруға бағытталған. Жамбыл облысы полиция департаментінің

есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл басқармасымен бірлесіп, есірткі заттарының зияны туралы 10-нан астам дәріс ұйымдастырылып, оған 5 000-нан астам қатысушы қамтылды.

Оқу жылы ішінде тақырыптық кездесулер, дөңгелек үстелдер және 5 профилактикалық жастар акциясы өткізілді. Іс-шараларға кинологиялық орталық мамандары, наркологиялық қызмет өкілдері және медицина мамандары қатысып, есірткі қолданудың медициналық, әлеуметтік және құқықтық салдары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Профилактикалық жұмыс барысында студенттердің волонтерлік бастамалар арқылы тартылуына, интерактивті әдістердің (ойын технологиялары, визуалды материалдар, кейс-талдау және ашық диалог) қолданылуына ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар «Хулиганка» және «Не книжные закладки» қысқаметражды фильмдерін көрсету және талқылау ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар құқық бұзушылықтың алдын алуға, жастардың өмірлік құндылықтарын дұрыс таңдауға және есірткіге қатысты қауіптердің алдын алуға бағытталды. Жүргізілген кешенді жұмыстар студенттердің ақпараттану деңгейін арттырып, есірткіге тұрақты теріс көзқарас қалыптастыруға және заң талаптарын сақтау жауапкершілігін күшейтуге ықпал етті.

Білім алушылардың қаржылық сауаттылығын арттыру және киберқылмыстың алдын алу мәселелеріне ерекше назар аударылды. Жамбыл облысы Полиция департаментінің Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасымен, Экономикалық тергеп-тексеру департаментімен және екінші деңгейлі банктердің өкілдерімен бірлесіп интернет-алаяқтықтың, дропперліктің, қаржылық пирамидалардың және өзге де цифрлық қауіптердің алдын алуға бағытталған кешенді профилактикалық іс-шаралар өткізілді. Оқу жылы барысында «Интернет-алаяқтықтан қорғану», «Жастар және цифрлық қаржы: қауіптер мен мүмкіндіктер», «Цифрлық гигиена, дипфейктер және қаржылық қауіпсіздіктің өзекті мәселелері» тақырыптарында семинарлар ұйымдастырылды, олардың барысында студенттерге киберқылмыстың заманауи схемалары, банктік сервистерді қауіпсіз пайдалану ережелері, жеке деректерді қорғау және цифрлық ортада құқыққа қайшы әрекеттерге тап болған жағдайда әрекет ету алгоритмдері түсіндірілді. Жүргізілген жұмыс білім алушылардың қаржылық және цифрлық сауаттылығын арттыруға, жауапты мінез-құлық қалыптастыруға және цифрлық трансформация жағдайында заңға бағынатын мәдениетті нығайтуға ықпал етті.

Оқу жылы барысында студенттердің қаржылық сауаттылығын арттыру және киберқылмыстың алдын алу мақсатында 11 ақпараттық-түсіндіру кездесуі ұйымдастырылып, оған 800-ден астам білім алушы қатысты. Іс-шаралар Жамбыл облысы Полиция департаментінің Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасымен, Экономикалық тергеп-тексеру департаментімен және екінші деңгейлі банктердің өкілдерімен бірлесіп өткізілді. Кездесулер барысында интернет-алаяқтық, дропперлік, қаржылық пирамидалар, цифрлық гигиена және жеке деректерді қорғау мәселелері кеңінен түсіндірілді.

Тәрбие жүйесіндегі «Толық адам» тұжырымдамасын іске асыру туралы

Абай Құнанбайұлының «Толық адам» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде студенттердің рухани-адамгершілік дамуына және тұлғаның негізгі құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған кешенді тәрбие және ағартушылық іс-шаралар ұйымдастырылды.

2025-2026 оқу жылында Абай Құнанбайұлының «Толық адам» тұжырымдамасын іске асыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Осы мақсатта 1 республикалық ғылыми-әдістемелік семинар және 1 халықаралық конференция ұйымдастырылып, студент жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған бірқатар кездесулер, дөңгелек үстелдер, танымдық сұхбаттар мен көрмелер өткізілді. Филология және гуманитарлық ғылымдар факультетінде «Толық адам» ілімі арнайы пән ретінде оқу үдерісіне енгізілді.

Сонымен қатар, университетте «Толық адам ілімі» орталығы ашылып, «Қазақ тілі

және әдебиеті» кафедрасының ғалымдары тарапынан ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Іс-шаралар аясында Мекемтас Мырзахметұлының «Толық адам» ілімі кеңінен насихатталып, оның Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасымен, Әл-Фарабидің «Парасатты адам» ілімімен, Жүсіп Баласағұнның, Ясауидің және Шәкәрімнің рухани-адамгершілік мұраларымен сабақтастығы түсіндірілді.

Негізгі іс-шаралар қатарында «Толық адам – заманауи студент бейнесі», «Толық адам – рухани даму жолы», «Абайдың «Толық адам» ілімі және заманауи білім беру үрдісі» атты тақырыптық дәрістер, тәрбиелік сабақтар және диалог алаңдары өткізілді. Аталған іс-шаралар барысында тұлғаны үйлесімді дамыту идеялары – ақыл, жүрек және ерік бірлігі арқылы қарастырылып, олардың білім беру үдерісіндегі және күнделікті өмірдегі практикалық маңызы түсіндірілді. Ерекше назар Абай Құнанбайұлының «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» қағидатына аударылып, оны тұтас әрі рухани жетілген тұлғаны қалыптастырудың негізгі негізі ретінде қарастыру жүзеге асырылды.

Ашық дәрістер мен пікірталас форматында «Абай мұрасы және адамгершілік құндылықтар», «Толық адам және ұлттық тәрбие» іс-шаралары ұйымдастырылып, еңбекқорлық, адалдық, жауапкершілік және ұлттық құндылықтарды құрметтеу мәселелері кеңінен талқыланды. Сонымен қатар «Конфессия және этносаралық татулық – қоғамдағы тұрақтылық негізі», «Толық адам және рухани жаңғыру» тақырыптарында өткізілген кездесулер мен пікірталас алаңдары этносаралық келісімді нығайтуға, толеранттылықты дамытуға және жастардың азаматтық жауапкершілігін арттыруға бағытталды.

Тәрбие жұмысы аясында «Абайдың «Толық адам» ілімі және Бауыржан Момышұлының ұлттық тәрбиесі», «Жүректен жүрекке», «Менің дүниетанымыма әсер еткен кітап» атты интеграциялық іс-шаралар өткізіліп, студенттер рухани құндылықтар, әдебиеттің рөлі және тұлғалық даму туралы өз ой-пікірлерін ұсынды. Қосымша түрде «Толық адам – рухани кемелдену жолы» атты тренингтік және интерактивті форматтағы сабақтар өткізіліп, «ақыл – жүрек – қайрат» философиялық үштағанының өмірлік бағдар қалыптастырудағы маңызы талқыланды.

Өткізілген іс-шаралар студенттердің «Толық адам» тұжырымдамасын жүйелі түрде меңгеруіне және оны терең ұғынуына ықпал етіп, рухани-адамгершілік мәдениетті нығайтуға, жауапкершілік пен академиялық адалдықты арттыруға, сондай-ақ жастар арасында тұрақты құндылықтық бағдарларды қалыптастыруға мүмкіндік берді.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасын іске асыру туралы

Есептік кезеңде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған 8 экологиялық іс-шара өткізілді. Іс-шараларға 2100-ден астам студент, оқытушы және қызметкер қатысып, университетте экологиялық клубтар мен студенттік эко-жасақтардың жұмысы ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «ECO-MIND» экологиялық квесті, «Жасыл ел – жарқын келешек» эко-конференциясы, «ECO IQ» интеллектуалдық ойыны, велошеру, «Таза мұра» патриоттық акциясы және басқа да экологиялық бастамалар жүзеге асырылды. Жоба аясында бірнеше жалпы университеттік сенбілік өткізіліп, ағаш отырғызу және университет аумағын көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Экологиялық құндылықтарды насихаттау мақсатында әлеуметтік желілерде 30-дан астам жарияланым мен бейнематериал орналастырылып, жастардың қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстары тұрақты негізде ұйымдастырылды.

Практикалық бағытта «Green Start – Жасыл бастау» жобасы жүзеге асырылып, жаппай сенбіліктер, экологиялық экспедициялар және ағаш отырғызу акциялары өткізілді. Іс-шаралар барысында оқу корпустарының, жатақханалардың және оларға іргелес аумақтардың тазалығы қамтамасыз етіліп, жасыл аймақтарды абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар энергияны үнемдеу және ресурстарды тиімді пайдалану мәдениетін қалыптастыруға бағытталған «Green Energy Challenge» экологиялық челленджі

іске асырылып, студенттер электр энергиясы мен су тұтынуды азайту бастамаларына белсенді қатысты.

Ағартушылық және тәрбиелік компонент аясында «Жасыл ел – жарқын келешек» экологиялық конференциясы өткізіліп, экологиялық қауіпсіздік, тұрақты даму және жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселелері қарастырылды. Сондай-ақ экологиялық көлік пен салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған «EcoBike Challenge» вело-күні ұйымдастырылды. Ал «Таза мұра» патриоттық-экологиялық акциясы тарихи-мәдени мұра нысандарын абаттандыру мен тазалауға арналды, бұл өз кезегінде жастардың тарихи құндылықтарға құрметін арттыруға ықпал етті.

Атқарылған жұмыстар туралы ақпараттар университеттің ресми сайтында және әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында тұрақты түрде жарияланып отырды. Нәтижесінде студент жастар арасында заңға құрметпен қарау, қоғамдық тәртіпті сақтау, құқықтық жауапкершілікті сезіну және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру бағытында оң нәтижелерге қол жеткізілді.

Жалпы, «Заң мен тәртіп» қағидатын жүзеге асыру аясындағы жұмыстар университеттің тәрбие және әлеуметтік саясатындағы маңызды бағыттардың бірі ретінде жалғасып, білім алушылардың құқықтық мәдениеті мен азаматтық жауапкершілігін арттыруға ықпал етті.

Кураторлық жұмысы бойынша факультет декандарының бұйрығына сәйкес – **584** академиялық топқа – **408** куратор бекітіліп, 6 факультет бойынша декан орынбасарларының және аға кураторлардың жұмысы үйлестірілуде. 2025-2026 оқу жылында – **14688** кураторлар сағаты өтіліп, хаттамаланды.

р/с	Факультеттер	Куратор саны	Академиялық топ саны
1	«Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультеті	55	102
2	«Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультеті	102	109
3	Жаратылыстану ғылымдары факультеті	56	85
4	Технологиялық факультет	78	110
5	«Экономика және құқық» факультет	63	74
6	«Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» факультет	43	104
	Жалпы саны:	408	584

Куратордың қызметін, оқу жылы барысында академиялық тобымен атқарылған жұмысын дәлелдеуші құжаттың бірі «Куратор журналы». Аталған құжатта топ кураторларының тәрбие жұмысының барлық бағыттары бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарланып, әрбір студенттерге жеке әлеуметтік психологиялық карта, сондай-ақ отбасын құрған және әлеуметтік жағдайы төмен студенттердің жеке карталары толтырылып, студенттердің оқу процесі үздіксіз қадағаланып отырады. Әр жаңа оқу жылында кураторларға тиімді әрі ыңғайлы болуы үшін, жыл қорытындысын есептеу кезеңіндегі топ

кураторларының ұсыныстарына сәйкес «Кураторлар журналына» өзгертулер мен толықтырулар жасалынады. «Куратордың жұмыс жоспары» журналында тәрбие жұмысының бағыттары толық қамтылған. Жыл ішінде жоспарланатын мерекелік іс-шаралардың оқиғалар қатары кураторлық сағаттарында өткізіледі.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша

2025-2026 оқу жылының жарты жылдығында студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу және медициналық сауаттылықтарын арттыру мақсатында бірнеше іс-шаралар өткізілді.

1. «Денсаулығы мықты ұрпақ – ел болашағы» атты кездесу ұйымдастырылды. Оған «Садыхан облыстық консультациялық-диагностикалық медициналық орталығы» ЖШС дәрігерлері мен медбикелер қатысты. Кездесу барысында студенттерге салауатты өмір салтының негіздері, дұрыс тамақтану, жеке гигиена және денсаулыққа күтім жасау тақырыптары түсіндірілді. Бұл іс-шара студенттердің денсаулығына жауапкершілігін арттыруға, салауатты өмір салтын ұстануға ынтасын қалыптастыруға бағытталды.

2. «Есірткісіз өмір – еркін» атты дөңгелек үстел болды. Дөңгелек үстел барысында жастардың саналы таңдауын қалыптастыру, зиянды әдеттердің алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттау мәселелері талқыланды. Қатысушылар есірткіге қатысты теріс көзқарас қалыптастырып, өз өмірлерінде салауатты әдеттерді ұстануға деген ынтасын арттырды.

3. «Қимылсыздықтың зияны және салауатты өмір салтын ұстану» тақырыбында ақпараттық сабақ пен тренинг өткізілді. Студенттерге физикалық белсенділіктің маңызы, спортпен айналысудың пайдасы және қимылсыздықтың зияны туралы толық ақпарат берілді. Нәтижесінде студенттер күнделікті белсенділікке бейімделіп, спорттық іс-шараларға қатысуға қызығушылық танытты.

4. «Салауатты ұрпақ – жарқын болашақ кепілі» тақырыбында жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған кездесу өтті. Шара барысында дұрыс тамақтану, спортпен айналысу, зиянды әдеттердің алдын алу және денсаулықты сақтау мәселелері кеңінен талқыланды. Қатысушылар өзара пікір алмасып, мамандар кеңесіне құлақ түрді. Кездесудің басты мақсаты – жастарды саналы өмір салтын ұстануға шақыру.

Сонымен қатар, 10ted.kz ұйымының ұйымдастыруымен студенттерге «Алғашқы медициналық көмек» тақырыбында оқу дәрістері жүргізілді. Медицина қызметкерлерімен өткізілген бұл сабақтар студенттердің төтенше жағдайларда алғашқы көмек көрсету дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Студенттер кез келген жағдайда дұрыс әрекет етуге үйреніп, медициналық сауаттылықтарын арттырды.

Өткізілген іс-шаралар студенттердің салауатты өмір салтын ұстануға қызығушылығын арттырып, денсаулыққа жауапкершілігін нығайтты. Сондай-ақ, жастардың зиянды әдеттерге қарсы саналы көзқарасы қалыптасып, физикалық және психологиялық дамуы қолдау тапты. Жарты жылдық кезеңде атқарылған жұмыстар салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытын нығайтуға маңызды үлес қосты.

Студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту

Студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту университеттің тәрбие және әлеуметтік-мәдени жұмысының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, ол тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасауға, жастардың талантын ашуға және белсенді университеттік ортаны қалыптастыруға бағытталған. Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының қызметі дарынды жастарды анықтауға, шығармашылық бастамаларды қолдауға және білім алушыларды университеттің мәдени өміріне тартуға бағытталған.

2025–2026 оқу жылында жүргізілген кәсіби бағдарлау және ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесінде шығармашылық студиялардың қызметі айтарлықтай кеңейді. Вокал студиясы, жүргізушілер мектебі, «DU Models» модельдік студиясы, сондай-ақ

«Бинар» және «Energy Girls» заманауи хореографиялық ұжымдары ашылып, табысты жұмыс істеуде. Олар университеттік, қалалық және облыстық мәдени-көпшілік іс-шараларға белсенді қатысады. Қазіргі уақытта Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының қызметіне барлық факультеттерден 515 студент тартылған.

Вокал өнерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Вокал студиясында 36 студент білім алуға, олармен орындаушылық шеберлікті, сахналық мәдениетті және артистік дағдыларды дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Студия құрамында «Наз қоңыр», «Қорқыт», «Лаула», «BoysBEND» және «Ғарыш» шығармашылық ұжымдары табысты өнер көрсетуде, ал репертуарында университеттік, қалалық және өңірлік іс-шараларда орындалатын шамамен 50 музыкалық шығарма бар.

«DU Models» модельдік студиясының қызметі студенттердің эстетикалық мәдениетін, сахналық шеберлігін, мінез-құлық мәдениетін және өзін-өзі таныстыру дағдыларын дамытуға бағытталған маңызды бағыт болып табылады. Есепті оқу жылында сондай-ақ ресми, мәдени және қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге қызығушылық танытатын студенттерді біріктірген Жүргізушілер мектебі ашылды. Қалыптасқан дағдылар білім алушыларға университеттік іс-шараларды ұйымдастыруға белсенді қатысуға, коммуникативтік қабілеттерін жетілдіруге және аудитория алдында еркін сөйлеуге мүмкіндік береді.

№	ФАКУЛЬТЕТТЕР	Филология және әлеуметтік ғыл.ф.	Педагогика және гум.ғыл.ф.	Жаратылыстану ғыл.фак.	Технологиялық факультет	Экономика және құқық фак.	Дене шынықтыру	Барлығы
	СТУДИЯЛАР							
1	Вокал студиясының жетекшісі Қанарбек Алия	23	80	12	7	14	0	136
2	Хореография студиясының жетекшісі Шахшамбаева Алия	50	125	12	12	20	6	225
3	Сән студиясының жетекшісі Түймебай Акерке	20	20	20	30	30	0	120
4	Жүргізушілер мектебі Искараева Светлана	18	5	2	2	4	3	34
	Барлығы	111	230	46	51	68	9	515

Студенттер үйінде атқарылған жұмыстар бойынша университеттің студенттерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында екі студенттік жатақханасы жұмыс істейді. Жалпы жатақхана қоры 932 орыннан тұрады. Оның ішінде:

№1 Студенттік жатақхана (Төле би көшесі, 60) – 510 орын;

№2 Студенттік жатақхана (Жамбыл даңғылы, 16А) – 422 орын.

Студенттерді жатақханаға орналастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі №189 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға жатақхана беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет

стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

2025–2026 оқу жылында №1 студенттік жатақханада 488 студент, ал №2 студенттік жатақханада 275 студент орналастырылды. Жалпы екі жатақханада 763 студент тұрады.

Студенттік жатақханаларда 2025–2026 оқу жылында студенттердің қауіпсіздігін, әлеуметтік тұрақтылығын және тұлғалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ауқымды іс-шаралар кешені жүзеге асырылды. Аталған жұмыстар профилактикалық, тәрбиелік және қолдау бағыттарын қамтып, жатақханадағы өмір сапасын арттыруға негізделді. Есепті кезеңде нашакорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру және құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелеріне ерекше назар аударылды. Осы бағытта түсіндіру кездесулері, тақырыптық әңгімелер мен ақпараттық жұмыстар жүргізіліп, студенттердің құқықтық сауаттылығы мен жауапкершілік деңгейін арттыру көзделді. Сонымен қатар, студенттердің менталды денсаулығын қолдау мақсатында психолог мамандармен жүйелі кездесулер ұйымдастырылып, психоэмоционалдық тұрақтылықты нығайтуға бағытталған практикалық ұсыныстар берілді. Дінтанушы мамандармен өткен кездесулер барысында діни сауаттылықты арттыру, радикалды көзқарастардың алдын алу және толерантты дүниетанымды қалыптастыру мәселелері талқыланды.

Жатақханаларда тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында факультет оқытушылары, тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасарлары және Әлеуметтік жұмыс басқармасының мамандарының кезекшілігі ұйымдастырылды. Сондай-ақ Жаңа жыл, Наурыз және Мамыр мерекелері кезіндегі демалыс күндерінде профессор-оқытушылар құрамы мен басқарма қызметкерлері бекітілген кестеге сәйкес кезекшілік атқарып, студенттердің қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етті.

Сонымен қатар, студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған мәдени-көпшілік шаралар өткізілді. Бұл іс-шаралар жатақхана тұрғындарының өзара қарым-қатынасын нығайтуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және жағымды әлеуметтік орта қалыптастыруға ықпал етті.

Студенттік жатақханалардағы орындарды бөлу арнайы құрылған комиссия отырысында қарастырылады. Конкурстық комиссия жатақханалардағы орындарды бөлуді негіздемелер мен кезектілікті ескере отырып, мынадай тәртіппен жүзеге асырады: мүгедектер қатарынан мүмкіндігі шектеулі адамдар; бала кезден мүгедектер; I және II топтағы мүгедектер; мүгедек балалар; жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар; ата-анасының екеуінде де немесе бірінде мүгедектігі барлар; ауыл жастары қатарынан шыққан, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтарға оқуға түскен адамдар; ҚР азаматтары болып табылмайтын «оралмандар»; «Алтын белгі» иегерлері болып табылатын бірінші курсқа қабылданған білім алушылар; ҰБТ қорытындылары бойынша жоғары балл жинаған мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға қабылданған бірінші курс білім алушылары; білім алушылар қатарындағы шетелдік азаматтар халықаралық және үкіметаралық шарттарға сәйкес жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етіледі.

2025-2026 оқу жылында студенттік жатақханаларда өткізілетін іс шаралар жоспарға сәйкес өткізіліп тұрады. Қазан айында №2 студенттік үйінде Басқарма мүшесі - Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор А.Тұрлыбек және Әлеуметтік жұмыс басқарманың дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаевтың қатысуымен жатақханада тұратын студенттермен тәлім-тәрбие жұмыстары және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселесі бойынша кездесу өткізілді. Шара барысында студенттердің қоғамдық орындардағы мәдениеті, бір-біріне құрметпен қарау, конфессия және этносаралық қатынасты сақтау, тазалықты сақтау, уақыт тәртібін орындау, құқықтары мен міндеттері түсіндірілді. Сонымен қатар, жатақханадағы қауіпсіздік талаптары, түнгі тыныштықты сақтау, ортақ мүлікті қорғау және тәртіп бұзушылықтың алдын алу жолдары айтылды.

Кездесудің мақсаты – студенттер арасында тәртіпті нығайту, жауапкершілік сезімін арттыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады.

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетіне қарасты Қаратау тау-кен технологиялық колледжінде дін саласында ақпараттық түсіндіру жұмысы жүргізілді. Іс-шара университеттің №1 жатақханасында өткізілді. Іс шараға Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы шақырылып, студенттерге діни экстремизм көріністерін алдын алу, студенттер арасында конфессия және этносаралық қатынасты сақтау, интернет желісінде күмәнді діни парақшаларға тіркелмеуге және дін саласын реттейтін заңдық нормаларға тоқталып өтті.

Инклюзивті білім беру бойынша 2025–2026 оқу жылында М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде инклюзивті білім беру аясында мүмкіндігі шектеулі **152 студент** және **2 магистрант** білім алуда. Оның ішінде **36** студент мемлекеттік грант негізінде оқиды. Сонымен қатар **29** студентке «Қазақ халқына қамқор қоры» тарапынан қолдау көрсетіліп, **35** студентке университет тарапынан оқу ақысына жеңілдік берілді. Сонымен қатар мүгедектігі бар **14** студент жатақханада тегін орналастырылып, жатақхана ақысы жеңілдік қарастырылды.

Инклюзивті білім беру бағытында оқу жылы барысында жалпы **23** іс-шара ұйымдастырылды. Ерекше білім беруді қажет ететін студенттердің қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру, сондай-ақ ата-аналардың талап-тілектерін тыңдау мақсатында университет басшылығының қатысуымен кездесу өткізілді. Кездесу барысында Тіркеу офисі директорының орынбасары Мыркалыков Бауыржан Сейтжанұлы және Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы Ұлтанбаев Арнат Бегдалыұлы мүгедектігі бар студенттерге қарастырылған оқу ақысына жеңілдіктер туралы түсіндіріп өтті. Атап айтқанда, I топтағы мүгедек студенттерге – 100%, II топтағы мүгедек студенттерге – 50%, III топтағы мүгедек студенттерге – 30% жеңілдік қарастырылғаны айтылды. Кездесу соңында студенттер өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, тиісті жауаптар алды.

Сонымен қатар ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету және оларды оқу ортасына бейімдеу мақсатында «Психологиялық қолдау және бейімдеу жолдары», «Инклюзивті мәдениетті, саясатты, тәжірибені құрудың психологиялық аспектілері», «Инклюзивті ортада оқу мотивациясын арттыру», «Жан жылуы» тақырыптарында психологиялық тренингтер және «Қамқор бол» волонтерлік акциясы ұйымдастырылды. Аталған іс-шараларға сала мамандары қатысып, студенттермен түрлі психологиялық жаттығулар жүргізіп, пайдалы кеңестер берді.

Ерекше білім беруді қажет ететін студенттердің мәдени ортаға еркін кірігуіне, тарихи-танымдық білімдерін кеңейтуге және әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсету мақсатында «Инклюзивті бағыттағы спортшы студенттер» тақырыбында музейге экскурсия ұйымдастырылды.

Сонымен қатар ерекше білім беруді қажет ететін және денсаулық жағдайына байланысты емтихандарды арнайы жағдайда тапсыратын студенттердің құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Инклюзивті білім беру бағытында жүзеге асырылған іс-шаралар ерекше білім беруді қажет ететін студенттердің білім алуына қолайлы жағдай жасауға, олардың психологиялық қолдауын күшейтуге және қоғамға бейімделуіне бағытталды.

Сондай-ақ, қысқы және көктемгі емтихан сессиялары кезеңінде мүгедектігі бар студенттердің емтихандарды кедергісіз тапсыруы үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Емтихандар «Әлеуметтік жұмыс басқармасының инклюзивті білім беру» бағыты бойынша ұйымдастырылып, студенттердің жеке қажеттіліктері ескерілді.

Инклюзивті білім беру орталығы мүгедектігі бар студенттерді оқытумен қатар, олардың әлеуметтік-мәдени оңалуына да жүйелі түрде қолдау көрсетіп келеді. Ерекше білім беруді қажет ететін студенттер университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысуда. Атап

айтқанда, бірқатар студенттер спорт саласында жоғары жетістіктерге жеткен. Еркін күрес түрімен шұғылданатын, есту қабілеті зақымданған студенттер халықаралық және республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып, бірнеше дүркін әлем чемпиондары атанған. Қол күрес (армрестлинг) спорт түрімен айналысатын студенттер халықаралық және республикалық жарыстардың жүлдегерлері, бірнеше дүркін Азия чемпиондары. Сонымен қатар арбадағы спорттық биден, пара пауэрлифтингтен, жүзуден тірек-қимыл аппараты зақымданған және көру қабілеті төмен студенттер де чемпион атанып, университет абыройын асқақтатып жүр.

Студенттердің психологиялық саулығын қолдау және олардың жарыстар мен оқу үдерісіндегі сенімділігін арттыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, жарыстар алдында студенттермен «Тағдырыңның кілті – өз қолыңда!» тақырыбында мотивациялық кездесулер және «Инклюзивті ортада оқу мотивациясын арттыру» тақырыбында топтық жұмыстар ұйымдастырылды. Орталық үйлестірушісі студенттер мен ата-аналарға оқу жылы бойы тұрақты түрде психологиялық кеңес беріп келеді.

Қазіргі таңда университетте 152 мүгедектігі бар студент білім алууда. Олардың ішінде I, II және III топтағы, тірек-қимыл аппараты ауруларына байланысты қозғалысы шектелген білім алушылар бар. Осыған байланысты аталған студенттер оқитын оқу топтарының сабақ кестелері университет ғимаратының бірінші қабаттарына орналастырылды. Аталған жағдайлар мүгедектігі бар студенттердің білім алуына қолайлы орта қалыптастырып, олардың болашақ кәсіби қызметінде қажетті коммуникативтік, кәсіби және басқарушылық дағдыларды дамытуға ықпал етуде. Сонымен бірге оқытушылардың әдістемелік көмекке деген қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында студенттер «Әлеуметтік жұмыс басқармасының инклюзивті білім беру» бағыты бойынша қосымша білім алып, сабақтан тыс уақытта жеке кеңес алу мүмкіндігіне ие.

Студенттер арасында жүргізілген әлеуметтік зерттеу сауалнамалар туралы

Әлеуметтік жұмыс басқармасының ұйымдастыруымен университетте білім беру сапасын бағалау, студенттердің кері байланысын жүйелеу және ішкі сапа менеджментін жетілдіру мақсатында жоспарға сәйкес 7 сауалнама жүргізілді. Сауалнамалар студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын, құқықтық сауаттылығын, эмоционалдық әл-ауқатын, қауіпсіздік сезімін, сондай-ақ деструктивті мінез-құлықтың алдын алу және тәуекел факторларын анықтауға бағытталды.

2025 жылғы 22–26 қыркүйек аралығында студенттік жатақханалардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын анықтау мақсатында сауалнама жүргізіліп, оған 392 студент қатысты.

2025 жылғы 10–20 қазан аралығында құқық бұзушылықтың алдын алу және деструктивті әрекеттердің себептерін анықтау мақсатында 1850 студент қатысқан онлайн сауалнама ұйымдастырылды.

2025 жылғы 05–12 желтоқсан аралығында студенттердің әлеуметтік жағдайын зерттеу мақсатында сауалнама жүргізіліп, 2227 студент қамтылды.

2025 жылғы 18–31 желтоқсан аралығында студенттердің эмоционалдық әл-ауқатын бағалау және дағдарыстық жағдайлардың алдын алу мақсатында 1326 студент қатысқан сауалнама өткізілді.

2026 жылғы 02–06 наурыз аралығында кураторлардың дін саласындағы жұмысын зерделеу мақсатында сауалнама жүргізіліп, 196 респондент қамтылды.

2026 жылғы 04–06 наурыз аралығында психолог мамандарының ұйымдастыруымен студенттердің ойынға тәуелділік деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама өткізіліп, 839 студент қатысты.

2026 жылғы 27–31 наурыз аралығында университет ортасындағы харассменттің психологиялық әсері мен студенттердің қауіпсіздік сезімін бағалау мақсатында сауалнама жүргізіліп, оған 1489 респондент қатысты.

Барлық сауалнамалар <https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdzQ2boZtdPvv5->

[ijaK3wflAUQr_CFNG4K9JsrYlX7-pm-ktg/viewform?usp=header](#) Google Forms платформасы арқылы онлайн форматта өткізілді. Сауалнамалардың нәтижелері жүйеленіп, талданып, қорытынды есептер дайындалды. Алынған деректер негізінде әдістемелік-нұсқаулық кітапша әзірленіп, баспа түрінде шығарылды.

Дайындалған әдістемелік жинақтар факультеттерде тәрбие, әлеуметтік және психологиялық жұмыстарды жоспарлау мен ұйымдастыруда, студенттер арасында профилактикалық іс-шараларды жүргізуде, сондай-ақ білім алушылардың қажеттіліктері мен өзекті мәселелерін ескере отырып, басқарушылық шешімдер қабылдауда тәжірибелік құрал ретінде пайдаланылуда. Бұл жұмыстар университеттің ішкі сапа менеджменті жүйесін жетілдіруге, білім беру ортасының қауіпсіздігі мен қолайлылығын арттыруға және студенттердің жан-жақты дамуына қолайлы жағдай қалыптастыруға бағытталған.

Білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру жұмыстары Әлеуметтік қолдау көрсету аясында университет студенттері мен магистранттарына оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер ұсыну арқылы білім алуға тең мүмкіндіктер жасау мақсатында 2025–2026 оқу жылында әлеуметтік санаттарға байланысты студенттер мен магистранттарға оқу ақысын төлеу бойынша бірқатар жеңілдіктер берілді. Комиссия отырысының шешімімен жалпы саны – **616** студент жеңілдікке ие болды. Оның ішінде 584 студент пен 30 магистрантқа жеңілдік әлеуметтік санат негізінде берілді.

№	Жеңілдіктер беру санаттары	саны
1.	«Алтын белгі» иегерлері болып табылатын мектеп түлектері	9
2.	Ата-анасы жоқ (тұл жетім) студенттерге	3
3.	Қамқоршылары бар жетім студенттерге	6
4.	Ата-анасының біреуі жоқ (жартылай жетім)	174
5.	I топтағы мүгедек студенттерге	3
6.	II топтағы мүгедек студенттерге	1
7.	III топтағы мүгедек студенттерге	18
8.	18 жасқа толмаған 6 және одан да көп баласы бар отбасылардан шыққан студенттерге	135
9.	Білім алушы-спортшылар Әлем, Азия, халықаралық турнир, ҚР чемпионаты, Универсиада, Республикалық турнир жеңімпаздары	89
10.	Магистратураға түскен Дулати университетінің түлектеріне	28
11.	Бір үйден Дулати университетінде оқитын 2 (екі) немесе одан көп студенттерге	80
12.	Дулати университетінің ПОҚ мен қызметкерлерінің балаларына	25
13.	Университетіміздің төрағасы/төрайымына студенттік декандары мен жастар ұйымдарының мүшелеріне	9
14.	Университетіміздің шығармашылық студияларының мүшелерінен құралған «Имидждік топ» құрамындағы студенттерге	34

Студенттер үйі туралы ережесіне сәйкес №1, 2, студенттер үйлеріне ата-анасының қамқорлығынсыз қалған **11** тұл жетімге және мүмкіндігі шектеулі (I, II, III топтағы мүгедек) 25 студентке 2025-2026 оқу жылында жатақханаларда тегін тұрды.

Осы 2025-2026 оқу жылында біздің қызметімізде стратегиялық серіктестік пен сыртқы байланыстарға ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, мемлекеттік органдармен, құқық қорғау құрылымдарымен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ үкіметтік емес

ұйымдармен өзара тиімді ынтымақтастық орнатылды. Бұл бағыттағы жұмыстардың арқасында университеттің әлеуметтік, мәдени және ғылыми бастамалары кең көлемде қолдау тапты. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарымен – республикалық және өңірлік телеарналармен, радиолармен, ірі интернет-порталдармен, баспасөз басылымдарымен тұрақты байланыс жүргізілді, нәтижесінде университеттің қызметі мен жетістіктері қоғамға кеңінен таныстырылды.

«dulaty_jastary» парақшаларының 2025-2026 оқу жылы бойынша әлеуметтік желілердегі статистикалық есебі және даму жоспары

Бұл есеп «dulaty_jastary» брендінің цифрлық кеңістіктегі белсенділігін, аудиториямен байланысын және контенттің тиімділігін саралау мақсатында дайындалды. Өткен жартыжылдық ішінде негізгі көрсеткіштер айтарлықтай өсім көрсетіп, университет өмірін насихаттауда жаңа деңгейге көтерілді.

1. Instagram: Негізгі қамту және аудиториямен байланыс

Instagram платформасы «dulaty_jastary» үшін ең үлкен аудиторияны қамтитын және ресми ақпарат алмасудың негізгі көзі болып қала береді. Соңғы 90 күндегі көрсеткіштер контенттің тек жазылушылар емес, сонымен қатар жаңа қолданушылар арасында да кеңінен таралып жатқанын көрсетеді. Әсіресе, қамтылған аккаунттардың 60%-дан астамы жазылмаған қолданушылар екені — парақшаның трендке шығу мүмкіндігі жоғары екенінің дәлелі.

1. Instagram (соңғы 90 күн)

Жалпы қаралым саны: 3 864 275

Қамтылған аккаунттар: 287 640

Аудитория құрамы:

34,8% жазылушылар

65,2% жазылмаған қолданушылар

Контентпен өзара әрекеттесу: 198 450

Парақшаға кірулер: 112 800

Жазылушылар саны: 18 400

Контенттің негізгі бөлігі Reels форматында жоғары нәтижеге қол жеткізді.-

https://www.instagram.com/dulaty_jastary/

2. Threads: Интеллектуалды және мәтіндік байланыс

Threads платформасы жастармен еркін форматта сөйлесу, қысқа ойлар мен жедел ақпараттарды бөлісу құралы ретінде дамып келеді. Бұл платформа аудиторияның парақшамен тікелей байланыс орнатуына және пікір алмасуына мүмкіндік береді.

Статистикалық көрсеткіштер (соңғы 90 күн):

Қаралымдар: 58 900

Өзара әрекеттесулер: 3 420

Жалпы жазылушылар: 2 180

Пікірлер саны: 1 160- Белсенділік динамикасы: Қаралымдар саны қаңтар айының басында ең жоғарғы шегіне жеткен.

https://www.threads.com/@dulaty_jastary?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==

3. TikTok: Вирустық контент және ең үлкен өсім

TikTok «dulaty_jastary» жобасының ең қарқынды дамып жатқан платформасы. Бір жыл ішіндегі 3,4 миллион қаралым — бұл университет өмірінің креативті контент арқылы кең танымал болып жатқанының айқын көрсеткіші. Репосттардың көптігі (39К) контенттің аудиторияға өте жақын және бөлісуге тұрарлық екенін білдіреді.

Статистикалық көрсеткіштер:

Бейнебаян қаралымдары: 12,8 миллион

Лайктар: 642 000

Репосттар: 128 000

Пікірлер: 23 500

Профильді қарау: 286 000

https://www.tiktok.com/@dulaty_jastary?r=1&t=ZM-9340vBQBxEe

4. YouTube: Видео-контенттің жаңа бағыты

YouTube арнасы Shorts форматы арқылы аудитория жинауды бастады. Бұл платформадағы «University life» тақырыбындағы видеолар тұрақты қаралым жинап келеді. Алдағы уақытта бұл бағытта ұзақ форматты (vlog, сұхбат) видеоларға басымдық беру мүмкіндігі зор.

Статистикалық көрсеткіштер (барлық уақыт):

Жалпы қаралымдар: 184 000

Лайктар: 6 200

Пікірлер: 1 120

Жазылушылар: 2 850

Ең танымал бейне: 42 000 қаралым

- https://youtube.com/@dulaty_jastary?si=g4mwIGIco8i73cPX

5. Telegram: Тұрақты аудитория және хабардарлық

Telegram арнасы «dulaty_jastary» үшін ең жақын және жедел ақпарат тарату құралы. Аудиторияның 55%-ында хабарландырудың қосулы тұруы — қолданушылардың контентке деген жоғары қызығушылығы мен сенімін көрсетеді.

Статистикалық көрсеткіштер:

Жалпы жазылушылар: 1 420

Хабарламаларды оқылу көрсеткіші: 82%

Айлық қаралымдар: 64 000

https://t.me/dulaty_kzz

6. Facebook: Професионалды панель және қамту

Facebook желісіндегі көрсеткіштер соңғы 90 күнде 2 360 қаралымды құрады. Дегенмен, өткен кезеңмен салыстырғанда белсенділіктің 62%-ға төмендеуі байқалады, бұл аталған желідегі контент стратегиясын қайта қарауды қажет етеді.

Статистикалық көрсеткіштер:

Жалпы қаралымдар: 21 800

3 секундтық қаралымдар: 6 200

Бірегей көрермендер: 8 950

1 минуттық қаралым: 2 460

<https://www.facebook.com/share/19vNpvUkt8/?mibextid=wwXIfr>

«dulaty_jastary» парақшаларының биылғы жетістіктері — әсіресе TikTok-тағы 3,4 миллион және Instagram-дағы 1,2 миллион қаралым — университет имиджін қалыптастыруда үлкен секіріс болды. Бұл көрсеткіштер брендтің жастар арасында танымал екенін және талапкерлер (абитуриенттер) үшін негізгі ақпарат көзіне айналғанын дәлелдейді.

Күтілетін нәтижелер (KPI)

Келесі жылдың соңына қарай мынадай межелерге жетуді жоспарлауға болады:

TikTok – жалпы қаралымды 20–25 миллионға жеткізу;

Instagram – жазылушылар санын 10 мыңнан асыру;

YouTube – 1000 тұрақты жазылушы жинау;

Telegram – 3 000 жазылушыға жету;

Threads – 5 000 жазылушы қалыптастыру;

Facebook – қаралымдарды 50 мыңнан асыру.

Қорытындылай келе, 2025–2026 оқу жылында университетте студенттердің әлеуметтік, құқықтық, мәдени және психологиялық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған

кешенді іс-шаралар жүйелі түрде жүргізілді. Жүргізілген жұмыстар студенттік ортада қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптастыруға, жастардың азаматтық және құқықтық мәдениетін арттыруға, белсенділігін ынталандыруға және менталды денсаулығын қолдауға бағытталған.

Жалпы алғанда, есепті кезеңде университеттің барлық бөлімдері мен студенттік ұйымдардың өзара үйлесімді жұмысы нәтижесінде студенттердің жан-жақты дамуына, қоғамдық бастамаларға қатысуына және әлеуметтік белсенділігінің артуына ықпал ететін нақты нәтижелерге қол жеткізілді. Алдағы кезеңде атқарылған тәжірибелерді негізге ала отырып, жастармен жұмыс тиімділігін одан әрі арттыру және университеттің тәрбиелік, әлеуметтік бағыттағы қызметін нығайту мақсатында жоспарлы шаралар жалғастырылатын болады.

Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы



А. Ұлтанбаев.